

«Неке мен данұя құндылықтары»

16 мамыр әлеуметтану және әлеуметтік жұмыс кафедрасында профессор З.Ж. Жаназарованың ұйымдастыруымен 15 мамыр 2011 жылы қткен «Халықаралық жанұя» күніне арналған «Неке мен данұя құндылықтары» атты дөңгелек үстел өткізді.

Конференция қонақтары болып: Вашингтон университетінің (АҚШ) социолог ғылымдарының докторы, профессор Гаутам Ядама, Стамбул университетінің (Турция) профессоры, доктор Тюфекчиоглу Хаяти, Дағдарыс МЕҰ орталығының өкілі оқытушылар, студенттер, магистранттар және PhD докторанттар шақырылды.

Дөңгелек үстелде Қазақ жанұясы дәстүрлеріне құндылықтары, азаматтық некедегі жас жанұяның мәселелері сияқты сұрақтар қарастырылды. Жанұядағы ата-аналар мен балалар арасындағы психологиялық қарым-қатынас. Профессор Гаутам Ядама, профессор Жаназарова З.Ж., профессор М.С. Садырованың баяндамалары қызықты, әрі мазмұнды болды.

Патронат суррогатты ана, шартты неке және басқа да сұрақтар бойынша өткізілген дискуссияға студенттер, МЕҰ өкілдері және т.б. белсене қатысты.

